

ӘБ отырысында қаралды Р.Қ.
ӘБ жетекшісі: Кульбаева Р.Қ.
№1 хаттама
«27» мамыз 2021 жыл

Келісілді: Т.Т.
оқу ісінің меңгерушісі
Таласпаева Т.Т.
«30» мамыз 2021 жыл

Бекітілді: Н.С.
«Сарысай орта мектебі» КММ
Директоры Н.С. Нұрмуханов
«31» мамыз 2021 жыл



8-сыныпқа арналған

«Биология әлемінде»

(вариативтік компонентіндегі, *элективті* курс, аптасына – 1 сағат)

Пән мұғалімі: Дүйсембаева Ж.Ш.

2021-2022 оқу жылы

Түсінік хат

Қазіргі заман талаптарына сай білім беру жүйесі де жетіліп, жаңа қырларын ашуда. Демек бұл орта білім берудің мазмұнын жаңарту болып табылады. Бұл оқытудың құзыреттілікке бағдарланған оқыту моделіне біртіндеп өтуге жағдай жасайтын білім беру жүйесін дамыту бағдарламасын әзірледі, жүзеге асыруды және оқытуды ұйымдастырудың дәстүрлі емес әдістері мен түрлерін, сондай-ақ түрлі пәндерді кіріктіріп оқыту сабақтарын қолдануды талап етеді. Мұндай бағдарламалардың бірі - «Үш тілде білім беруді дамытудың 2015-2020 жылдарға арналған жол картасы». Аталған бағдарламаны орындаудың негізгі жолдарының бірі жаратылыстану пәндерін кіріктіріп оқыту бойынша оқу-әдістемелік құрал әзірлеу болып саналады. Аталған бағдарламаны орындаудың негізгі жолдарының негізгі жолдарының бірі пәнді (информатика, физика, химия, биология, жаратылыстану) және тілді кіріктіріп оқыту бойынша оқу-әдістемелік құрал әзірлеу болып саналады. Кіріктіріп оқыту дегенде ең алдымен сабақта пәнаралық байланыстарды дамытуды қарастыру маңызды екені ескеріледі. Тіл мен пәнді пәнаралық байланысты жүзеге асырып оқыту танымдық міндеттерді, ұсыныстар жасауды, оқушының шығармашылық әлеуетін жүзеге асыруға көп жағдай жасалады.

Пәндік тілдік кіріктіріп оқыту ұстанымын қолдану шет тілін оқуға бөлінген уақыт мөлшерінің аздығынан және оны меңгеру деңгейіне қойылған талаптардың жоғарлауынан пайда болып отыр. Бұл тәсіл бір мезетте екі пәнді бірдей оқытуды жүзеге асыруға мүмкіндік береді, алайда негізгі назар тілге де, тілдік емес пәнге аударылуы мүмкін. Кіріктіріп оқыту әдісі жалпы барлық дидактика тәрізді, қазіргі кезде қиын кезеңнен өтуде. Жалпы орта білім берудің мақсаттары өзгерді, жаңа оқу жоспарлары және пәндерді кіріктіріп оқытудың жаңа тәсілдері әзірленуде.

Биология пәнін ағылшын тілімен байланыстыра оқыту оқушылардың сөздік қорын кеңейте отырып, жаналық ашуға, әртүрлі бақылаулар, гәжірибелер жүргізуге құлшындырады. Ең бастысы оқушының ағылшын тілін меңгерудегі сөздік қоры толығады, сөйлеу дағдысы қалыптасады. Сабақ барысында қосымша берілетін биологиялық терминдер сөздігі оқушының сөз қорын қалыптастыруда өз көмегін тигізеді. Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауындағы білім беру жүйесінде үш тілдің – мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін, ұлтаралық қатынас тілі ретінде орыс тілін және әлемдік экономикаға үйлесімді кіруге тілі ретінде ағылшын тілін меңгерген, бәсекеге қабілетті маман даярлау міндетін атап көрсеткенін білеміз.

Бүгінгі таңда білім беру жүйесінің әлеуметтік, қоғамдық, саяси-экономикалық өзгерістерге байланысты мақсаты мен міндеттері, мазмұны өзгереді. Оқушылардың білім алу барысында іздену-зерттеу және өз бетімен білім алу жүйесін, алған білімін өмірдің жаңа жағдайларында пайдалана білуі арқылы танылады.

«Биология әлемінде» факультативтік курсының бағдарламалық жоспары оқушылардың сабақта өтілген материалдарды қайталап ғана қоймай, терең танымдық білім меңгертуге бағытталған, теориялық білімдерін практикалық жұмыспен ұштастыру көзделген. Оқушылар берілген жұмыстарды орындай отырып сабақтан бөлек қызықты деректер жинау, іздестіру, зерттеу жұмыстарымен шұғылданады. Олимпиадалық сайыстарға дайындауда қолдануға ыңғайлы, жаратылыстану пәндеріне оқушылардың қызығушылығын арттырып мамандық таңдауға да септігін тигізеті мол.

«Биология әлемінде» курс бағдарламасында үш тілде білім беруді жүзеге асыру қарастырылған, онда үш тілді меңгеріп қана қоймай, сол сияқты оқушылардың сыныптан тыс жұмыстарын да үш (қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде) тілде ұйымдастыру қарастырылған. Көптілді оқу ортасын құруда әр пәннің қосқан үлесі үш тілде білім беру саясатын іске асыруды қамтамасыз ету. Тіл үйретудің негізі болып табылатын коммуникативтік тәсіл әрбір оқу пәнінің түрлі оқу жағдаяттарында білім және біліктен алмасу, тілдік және сөйлеу нормалары жүйесін дұрыс қолдану сияқты әдіс-тәсілдері арқылы оқушылардың сөйлеу әрекеттерін дамытудың жетекші қаридаты ретінде қарастырылады.

Курстың мақсаты:

Биология пәнін оқытуда практикалық іс - әрекет арқылы жағымды мотивация қалыптастыру, оқушылардың биология пәнінен алған теориялық білімдерін ағылшын тілімен байланыстыра оқыту арқылы кеңейтіп, ойлау қабілеттерін дамыту.

Оқушыларды тірі табиғат әлемінің алуан түрлілігімен, тірі ағзалардың тіршілік ету ерекшеліктерімен жете таныстыру. Үш тілікті меңгерте отырып, биологиялық терминдердің мәнін ашу. Өсімдіктер және жануарлар дүниесі жайлы терең, жүйелі де тиянақты интеллектуалдық білім беру.

Күрстың міндеттері:

-Алғашқы биологиялық ұғымдардың глоссарийін әрбір оқушы еске сақтауын қалыптастыру;

-Биология пәнінен меңгерген білім, білік, іскерлік дағдыларын басқа ғылым салаларымен ұштастыра отырып, өмірде пайдалана білуі тиіс;

-Тақырыптарға енгізілетін терминдердің мәнін түсіндіру;

-Биологиялық терминдердің мәнін ашу;

-Алған теориялық білімдерін практикамен, өмірмен байланыстыра білу;

-Оқушының өз бетімен іздену жұмысына бағыт – бағдар беру.

Күрстың негізгі идеясы – биологияның өмірдегі, медицинадағы, ауыл шаруашылығындағы маңызын, экологияның бір аспектісі қоршаған ортаны қорғау ұғымдарын дамыту арқылы енгізілетін терминдердің мәнін түсіндіру.

Оқушыға қойылатын талаптар:

Жұмыс дәптерлерінің болуы, үш тілде берілген биологиялық сөздік қорын жаттап есте сақтай білу, танымдық іс — әрекеті мен ой өрісін арттырып, сарамандық, ғылыми-ізденіс жұмыстарына толық қатысып, берілген тапсырмаларды уақытылы орындау;

Шығармашылықпен жұмыс жасау; әдеби-танымдық оқулықтар, интернет көздерімен, газет-журналдармен үнемі байланыста жүру.

Бағдарлама соңында тапсыратын жұмыстар:

Күтілетін нәтиже:

-Оқушының бойында ағылшын тілін меңгеру туралы сана-сезім дамыды;

-Түрлі тапсырмаларды орындаудың көмегімен пәндік және тілдік материалдың мәнін түсінеді;

-Болашақта теориялық алған білімдерін практикада қолдана білу;

-Теориялық білім мен тәжірибе арасында байланыс жүзеге асады;

-Оқушылардың пәнге қызығуын, танымдық белсенділігін арттыруын қызықты тапсырмалар орындату арқылы қалыптастыру;

-Сарамандық іскерліктер мен дағдыларды қалыптастыру;

-Бейімдік, бағдарлы оқытуда мамандық таңдауына ой салып әсер ету.

Биология пәні бойынша бұл курс мазмұнында тақырып бойынша глоссарий қолданылады. Глоссарий ағылшын тілі сөзінен алынған **glossary** сөздікпен жұмыс деген мағына береді. Әр өткен сабақта оқушылардың тарау бойынша алған білімдерін жүйелеу, іскерлік дағдыларын қалыптастыру және ойлау жүйесін тереңдету, биология тілінде үш тілде сөйлеуге үйрету мақсатында глоссарий қолданылады. Негізгі биологиялық ұғымдарды алдымен ағылшын және орыс тілдеріндегі аудармасын беріп, содан соң қазақ тілінде түсіндірмесімен беріледі. Тақырыпқа енгізілетін терминдердің мәнін түсіндіру оқыту тілінде өтеді. Нақты терминдердің ағылшын тіліндегі түсіндірмесі оқыту тілінде беріледі. Оқушылардың биология пәніне деген қызығушылығын тудыру үшін оқушыға пәнді түсіндіру барысында теориялық білімді практикамен, өмірмен байланыстыра отырып, түрлі тапсырмалар орындату арқылы, кейне көрсеткіштер, слайдтар арқылы оқушылардың білімдерін арттыру. Сол арқылы жаратылыстану ғылымының ішіндегі төрден орын алатын биология ғылымының қыр-сырын зерттеуге баулу. Білім беру жүйесіндегі негізгі ағымдардың бірі – еліміздің аймақтық ерекшелігін, білім беретін орданың типтеріне сай жеке тұлғаның дамуына тиімді жағдай туғызуды. Таңдау курсы өткізуде біліммен қатар рухани – адамгершілік тәрбиеге аса назар аудару. Аталған курс бағдарламаларға қойылатын талаптар мен критерийлерге сай құрастырылды. Атап айтсақ, үш тілділік, ғылымилық, жүйелілік, практикалық бағыттылық, уақыт қорына лайықтылық, биологиялық тілдің түсініктілігі т.б. принциптерге сай жасалды.

Бағдарлама 34 сағатқа есептелген. 8 сыныпта аптасына 1 сағаттан.

БИОЛОГИЯ

8 сынып
Факультатив сағат жоспары
2021-2022 оқу жылы

№	Мазмұны	Contents	Содержание	Сағат саны	Мерзімі
Жасушалық биология Chapter 1. Cell biology. Клеточная биология (1)					
1	Жасушаның құрылысы мен түрлері. Өсімдік және жануарлар ұлпалары.	Типы и структуры клетки. Ткани растений и животных.	Cell structure and types Plant and animal tissues	1	02.09
Молекулалық биология Chapter 2. Chemistry of life. Химия жизни (2)					
2	Мономерлер және полимерлер. Көмірсулар мен майлар.	Мономеры и полимеры. Жиры и углеводы	Monomers and polymers Carbohydrates and lipids	1	09.09
3	Нәруыздар	Белки	Proteins	1	16.09
Тірі ағзалардың көп түрлілігі Chapter 3. Diversity of living things. Разнообразие живых существ (2)					
4	Өсімдіктердің әртүрлілігі Саңырауқұлақтар	Разнообразие растений Корольство грибов	Diversity of plants Kingdom Fungi	1	23.09
5	Даражарнақты және қосжарнақты өсімдіктер Буынаяқтылар және хордалылар	Однодольные и двудольные растения Членистоногие и хордовые	Monocots and dicots Arthropods and chordates	1	30.09
Қоректену Chapter 4. Nutrition. Пищеварение (3)					
6	Асқорыту жүйесі	Пищеварительная система	Digestive system	1	07.10
7	Тістің құрылысы, гигиенасы	Структура, функции и гигиена зубов	Structure, function and hygiene of teeth	1	14.10
8	Асқорыту мүшелері	Пищеварительные органы	Digestive organs	1	21.10
9	Асқорыту жүйесінің аурулары Дәрумендер	Гастроэнтерологические заболевания Витамины	Gastroenteric diseases Vitamins	1	28.10
Заттардың тасымалдануы Chapter 5. Material transport Транспорт веществ (7)					
10	Лимфа жүйесі	Лимфатическая система	Lymphatic system	1	11.11
11	Қан және оның құрылысы. Қан жасушалары	Кровь и ее функции Клетки крови	Blood and its functions Blood cells	1	18.11

12	Иммунитет. Гуморальды және жасушалық иммунитет Жұқпалы аурулар	Иммунитет. Гуморальный и клеточный иммунитет. Инфекционные заболевания	Immunity. Humoral and cell-mediated immunity. Infection diseases	1	25.11
13	Иммунитеттің түрлері. Қанның топтары	Иммунитет. Типы иммунитета. Типы крови	Immunity. Types of immunity. Blood types	1	02.12
14	Жүрек ж/е қантамыр жүйесі	Сердечно-сосудистая система	Heart and blood vessels	1	09.12
15	Қанайналым жүйесі	Типы сосудистой системы	Circulatory system types	1	16.12/23.12
16	Дене жатыгуларының жүрекке әсері Қан айналым жүйесінің аурулары	Влияние физических упражнений на сердце. Сердечно-сосудистые заболевания.	Physical exercises and the heart Diseases of human circulatory system	1	23.12
Тыныс алу Chapter 6. Respiration					
17	Газалмасу Тыныс алу Өкпенің тыныс алу сыйымдылығы	Газообмен Дыхание Объем легких	Gas exchange Breathing Lung capacity	1	13.01
Бөліп шығару Chapter 7. Excretion.					
18	Зәр шығару жүйесі Тері Тері аурулары	Выделительная система Кожа Кожные заболевания	Human urinary system Skin Skin diseases	1	20.01
Қозғалыс Chapter 8. Movement					
19	Тірек-қимыл жүйесі Сүйектің құрылысы	Опорно-двигательная система Состав костей	Locomotion system Bone structure	1	27.01
20	Буындар Қозғалмалы байланыстар	Суставы Подвижные суставы	Joints Movable joints	1	03.02
21	Бұлшықеттер Гиподинамия	Мышцы Гиподинамия	Muscles Hypodynamia	1	10.02
22	Қозғалудың гиподинамиясы	Биомеханика движения	Biomechanics of movement	1	17.02
Координация және реттелу Chapter 9. Coordination and regulation					
23	Көздің құрылысы Есту мүшесі	Глазная структура Орган слуха	Eye structure Hearing	1	24.02
24	Рецепторлар	Рецепторы	Receptors	1	03.03

	Эндокриндік бездер	Эндокринные железы	Endocrine glands		
25	Эндокриндік жүйенің аурулары	Заболевания эндокринной системы	Diseases of the endocrine system	1	10.03
26	Тері рецепторлары	Рецепторы кожи	Skin receptors	1	17.03
	Терморегуляция	Терморегуляция	Thermoregulation		
Көбею					
		Chapter 10. Reproduction	Размножение (2)		
27	Жасушаның бөлінуі	Деления клеток	Cell division types	1	31.03
	Жануарлардың көбеюі	Размножение животных	Animal reproduction		
28	Мүктер мен қырықжапырақтардың көбеюі	Жизненные циклы мхов и папоротников	Life cycles of mosses and ferns	1	07.04
	Ашықтұқымдылар мен жабықтұқымдылар көбеюі	Жизненные циклы голосеменных и покрытосеменных	Life cycles of gymnosperms and angiosperms		
Ұрықтың дамуы					
		Chapter 11. Embryonic development	Эмбриональное развитие (1)		
29	Ұрықтың дамуы	Эмбриональное развитие	Embryonic development	1	14.04
Тұқымқуалаушылық және өзгергіштік					
		Chapter 12. Inheritance and variation	Наследственность и изменчивость (2)		
30	Тұқымқуалаушылықтың және өзгергіштіктің эволюциядағы рөлі	Роль наследственности и изменчивости в эволюции	Role of inheritance and variation in evolution	1	21.04
31	Селекциядағы будандастыру	Селекционное скрещивание	Selective breeding		
	Үй жануарлары мен өсімдіктердің шығу тегі Қазақстанның ауылшаруашылығы мен үй жануарлары	Происхождение домашних растений и животных. Сельскохозяйственные культуры и домашние животные Казахстана	Origin centers of domestic plants and animals Crops and domestic animals of Kazakhstan	1	28.04
Биосфера					
		Chapter 13. Biosphere	Биосфера (2)		
32	Экожүйе	Экосистема	Ecosystem	1	05.05
	Популяция	Популяция	Population		
33	Тірі ағзалардың байланыстары	Взаимосвязь между живыми организмами	Interrelation between living things	1	12.05
Адам қызметінің қоршаған ортаға әсері					
		Chapter 14. Human impact on environment	Воздействие человека на окружающую среду (1)		
34	Тірі ағзаларды сақтау және қорғау	Защита и сохранение живых организмов	Preserving and maintaining biodiversity	1	19.05
	Қазақстанның экологиялық проблемалары	Экологические проблемы Казахстана	Ecological problems of Kazakhstan		

Пайдаланған әдебиеттер:

1. «Biologu»: Астана кітап
2. Әдістеселік құрал : «Терминология» Қызылорда 2018ж
3. Интернет материалы: №1 Глоссарий
4. Үш тілдікке арналған оқу-әдістемелік құрал, Астана 2016ж
5. Оспанова Г.С, Бозшатаева Г.Т «Экология» Алматы, «Экономика» 2002 ж
6. Оспанова М, Лұқпанов Ж «Өсімдік-жанға шипа, дертке дауа», Алматы, «Кайнар», 1992ж
7. «Биология оқушы анықтамалығы » Алматы, 2010 ж
8. «Биология анықтамалығы» журналы №1-6; 2014 ж
9. Я иду на урок биологии: Зоология: Рыбы и земноводные: Книга для учителя. – М.: издательство «Первое сентября», 2000. – 224 с.
10. Лернер Г.И. Уроки зоологии для старших классов. Тесты, вопросы, задачи (Серия “Как сдать экзамены”).-М.: Лист – Нью, 1998. – 496 с.
11. Пепеляева О.А., Сунцова И.В. Биология. 7-8 класс. Поурочные разработки к учебникам Никишова А.И., Шаровой И.Х., Латюшина В.В., Шапкина В.А., Константинова В.М. и др. М.: ВАКО, 2004 – 432 с.
12. Биология в школе, №7,8, 2003г.
13. «Биология, география және химия»-журналдары
14. Қызықты ботаника. Р. Әлімқұлова, Мектеп. 1979ж.
15. Сборник задач по ботанике, зоологии, анатомии, общей биологии и генетике. Л.Ю. Гамбург, «Московский Лицей», 2001. P. S.